


Пәннің аты: қазақ тілі	Уақыты:19.10.2016	Кабинет:40	Мұғалім:Калиева А.А.
Сабақтың атауы	Дауыссыз к мен г		
Мақсаты	<p>Мақсаты:</p> <p>а) Оқушыларға сөз соңында К дыбысынан кейін дауысты дыбыс келсе, ол г-ге айналатынын түсіндіру.</p> <p>ә) Оқушылардың оқу және жазу дағдыларын дамыту, сөздік қорын байыту, деңгейлік тапсырмалар орындау.</p>		
Күтілетін нәтиже	<p>б) Әдемі, таза жазуға баулу, ұқыптылыққа тәрбиелеу, салауатты өмір салтын қалыптастыру.</p> <p>Көрнекілігі: сызбалар, суреттер, карточкалар, анаграмма т.б.</p> <p>Түрі: аралас</p>		
Психологиялық ахуал	<p>Мен бәріңе Денсаулық тілеймін!</p> <p>Мен бәріңе Қуаныш тілеймін!</p> <p>Мен бәріңе Мейірім тілеймін!</p> <p>Мен бәріңе шуақты күн тілеймін!</p> <p>Мен бәріңе көңілді ойын тілеймін!</p>	Оқушылар шеңберде жиналып, мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді.	
Қызығушылықты ояту	<p>Жаңа сабаққа деген қызығушылықтары оянып, ерекше ынтамен кіріседі.</p> <p><u>2. Үй тапсырмасын тексеру. Өткенді еске түсіру, пысықтау</u></p> <p>Дыбыс деген не?</p> <p>Дыбыс нешеге бөлінеді?</p> <p>Дауысты дыбыстар қалай айтылады?</p> <p>Дауыссыз дыбыстар қалай айтылады?</p> <p>Дауысты дыбыстар</p> <p>Жуан дауысты дыбыстар: <u>а, о, ы, ұ</u></p> <p>Жіңішке дауысты дыбыстар: <u>ә, ө, ү, і, е</u></p> <p>Дауыссыздар</p> <p>Буын құрай алмайды</p> <p>Түрлері: қатаң, ұяң, үнді</p> <p>26 дауыссыз бар</p> <p>Қатаң дауыссыз: қ, п, т, ш, щ, ц, ч, ф, с, х, һ.</p> <p>Ұяң дауыссыз: б, в, г, ғ, д, з, ж</p> <p>Үнді дауыссыздар: р, л, м, н, ң, у</p> <p>Ендеше, К қандай дыбыс?</p> <p>Г қандай дыбыс?</p> <p>К, г дыбысының айтылуы туралы не білеміз?</p> <p>*113-жаттығу. "Еңбек түбі-береке" мақалын қатыстырып, құраған әңгімелерін оқыту.</p>		
Мағынаны тану	<p>Жаңа сабақ.</p> <p>Дәптерге бүгінгі күн ретін жазу.</p> <p>Көркем жазу.</p> <p><i>Ққ Fғ</i></p> <p>Оқулықпен жұмыс</p> <p>114-жаттығу.</p> <p>Мақалды оқып, жатқа жаз. Мақалдың мәнін түсіндір.</p> <p>Бірлік болмай-тірлік болмас.</p> <p>115-жаттығу.</p> <p>Өлеңді мәнерлеп оқып, көшіріп жаз. Қарамен жазылған сөздердегі өзгерістің себебін түсіндір.</p> <p>Ереже.</p> <p><i>Сөз соңындағы к дыбысынан кейін дауысты дыбыс келсе, ол г-ге айналады: елек-елегі, кірпік-кірпігі, бүйрек- бүйрегі.</i></p>		



Сергіту сәті	<p>Кел балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не керек? Көңілді болып жүрейік. Кел балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!</p>	
Ой толғаныс	<p>116-жаттығу.Суреттегі зат атауларын қатыстырып сөйлемдер құра. Түлкі, кеме, гүл. 117-жаттығу.Сөздердің соңындағы і әрпін алып тастап оқы. І дыбысын алып тастағанда қ қалатынын дәлелде. Қосымша тапсырмалар 1-тапсырма Сөздерді оқу, мағынасын түсіндіру. Кебек, серік, терек, берік, көлік, жібек, бүрге, тегіс, жігер, үзеңгі, гүлзар. К – дыбысы қай буындарда кездесіп тұр? Г – дыбысы ше? К, Г - қандай дыбыстар? 2-тапсырма Санамақты жатқа оқу, К мен аяқталған сөздерге і дыбысын қосып жазу. Бас бармақ, Балан үйрек, Орган терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. Үйрек + і – үйрегі терек + і – терегі шүмек + і – шүмегі бөбек + і- бөбегі Суреттегі заттардың атын жаз. Сөздерге <u>і</u> дыбысын қосып айту, сөз соңындағы <u>к</u> дыбысы қандай дыбысқа айналды? Иесі оның сәби, Әрі төсек, әрі үй. (<u>бесік</u>) төсек, бесік сөзіне <u>і</u> әрпін қосып айту, жазу. Берілген сөздердің аяғына <u>ү</u> әрпін қосып жазу: төк – төгу, төгілді, төгеді. Ек – егу, егілді, егеді. Тік- тігу, тігілді, тігеді. Сөк – сөгу, сөгілді, сөгеді.</p>	
Үйге тапсырма	40-бет, 118-жаттығу.	Күнделіктеріне жазып алады
Бағалау	<u>Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау</u>	Бағалау парақшасын толтырады.
Кері байланыс		Смайликтерді өзі қалаған нұсқаға жабыстырады

Тексерді: